



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 26 маусым

### **2017 жылғы төлем жүйелерін қадағалау (оверсайт) және көрсетілетін төлем қызметтері нарығының даму нәтижелеріне шолуды жариялау туралы**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі интернет-ресурста «Төлем жүйелері» - «Жарияланымдар мен баяндамалар» бөлімінде (<http://www.nationalbank.kz/?docid=540&switch=kazakh>) 2017 жылғы төлем жүйелерін қадағалау (оверсайт) және көрсетілетін төлем қызметтері нарығының даму нәтижелеріне шолуды орналастырды.

Аталған шолу Қазақстанның төлем нарығын зерттеуге арналған, онда төлем жүйелерінің жұмыс істеуі, төлем құралдарын пайдалану бойынша таныстырылым сипатындағы талдамалық және статистикалық мәліметтер қамтылған және тұтастай алғанда төлем секторы дамуының негізгі үрдістерін көрсетеді.

Қазақстанның нарығында 19 төлем жүйесі бар, оның ішінде Қазақстан Ұлттық Банкінің төлем жүйелері, жеке төлем жүйелері, оларға ақша аударымдары жүйелері және төлем карточкалары жүйелері жатады. Банктер және «Қазпошта» АҚ, сондай-ақ банктік емес төлем ұйымдары көрсетілетін төлем қызметтерін негізгі жеткізушілер болып табылады. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 31 төлем ұйымы Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өтті, олардың сервистері арқылы жүргізілген төлемдер көлемі 732,5 млрд. теңге болды.

Қазақстанның төлем жүйелерінде бұрынғыдай төлемдер көлемі ұлғаюының оң серпіні байқалады. Мәселен, 2017 жылы Ұлттық Банктің төлем жүйелері арқылы 850,6 трлн. теңге сомаға 36,6 млн. транзакция жүргізілді (өсу 44%), бұл Қазақстанның жалпы ішкі өнімінен 16,5 есе асып кетеді. Бұл жүйелердің жұмыс істеу коэффициенті олардың жоғары сенімділігін көрсетіп отыр (99,99%).

Ақша аударымы жүйелері арқылы операциялардың көлемі 30,2%-ға өсті. Банктердің корреспонденттік шоттары бойынша төлемдердің және ақша аударымдарының жалпы көлемі (Қазақстан бойынша және шет елге) 2017 жылы 206,1 трлн. теңге сомаға 12,3 млн. транзакция болды.

Төлем карточкалары нарығы оң өсу серпінін көрсетуде. 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша айналыста 19,4 млн. төлем карточкасы болды (2016 жылмен салыстырғанда 23,6%-ға өсу) және олардың ішінде жартысынан көбі операциялар жүргізу үшін тұрақты түрде пайдаланылады. Іс жүзінде төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілетін барлық операциялардың жартысын (жалпы санынан 49,6%) қолма-қол емес төлемдер құрайды, олар 2016 жылмен салыстырғанда саны бойынша 92,5%-ға, ал сомасы бойынша 88,2%-ға ұлғайды.

Төлемдер және ақша аударымдарын жүргізу үшін қашықтан қызмет көрсету желісі кеңеюде – сауда нүктелері санының 18%-ға және ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдайтын кәсіпкерлердің 19%-ға өсуімен қатар, алдыңғы жылмен салыстырғанда 2017 жылы POS-терминалдар саны 18%-ға, банкоматтар 1,4%-ға, мезеттік төлем терминалдары 7,1%-ға ұлғайды.

Цифрлық сервистердің дамуы бөлшек қолма-қол емес төлемдердің өсуіне ықпал етеді. Халықтың интернет/мобильдік банкинг арқылы өткізген операцияларының көлемі 2016 жылмен салыстырғанда 3 есе ұлғайып, 3,0 трлн. теңге болды.

Сонымен қатар электрондық ақша бойынша көрсетілетін қызметтердің қалыптасуы мен дамуы жалғасуда. 2018 жылғы 1 қаңтарда Қазақстанның аумағында жұмыс істейтін электрондық ақша жүйелерінің саны 17 болды. Электрондық ақшаны пайдалана отырып жасалған операциялардың жалпы сомасы 2016 жылмен салыстырғанда 2,3 есе өсіп, 361,5 млрд. теңге болды.

Осылайша, 2017 жылы Қазақстан төлем нарығының оң даму үрдістері сақталды. Бұл ретте қашықтан көрсетілетін төлем қызметтерін кеңейту байқалады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7(727)2704-585

+7 (727)2704-613

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)